



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 39/579
28 сентября 2018 года

Вестник

Новости столицы

1-қазан – Қарттар күні

ПРЕЗИДЕНТ ОЗНАКОМИЛСЯ С ПЛАНОМ РАЗВИТИЯ И ЗАСТРОЙКИ АСТАНЫ

Президенту Казахстана Нурсултану Назарбаеву был презентован план по дальнейшему развитию и застройке жилых массивов Астаны, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

остановился на вопросах озеленения столицы, строительства парковочных мест и транспортных развязок, которые позволят оптимизировать автомобильный трафик в городе.

Аким Астаны Бахыт Султанов предста-



Подчеркивая высокую социальную значимость создания комфортных условий для проживания столичных жителей, Глава государства указал на необходимость применения комплексного подхода в градостроительстве.

Нурсултан Назарбаев отметил также важность обеспечения горожан доступными социальными объектами, в том числе образовательными и медицинскими учреждениями.

Кроме того, Президент Казахстана

вил Главе государства информацию о планах возведения социальных, коммерческих, административных и жилых объектов в столице, а также доложил о перспективах инфраструктурного развития города.

По информации руководства города, с начала текущего года в столице было введено в эксплуатацию 1,7 млн кв. м жилья, до конца 2018 года планируется построить еще 2,3 млн кв. м.

Источник: kazpravda.kz

АҚПАРАТТЫҚ ТОП МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ



лалық ақпараттық топ мүшелерінің қатысуымен аталмыш жұмыс орнының қызметкерлерімен кездесуі өткізілді.

Кездесу барысында Жаңа Жолдау атқарушы билік-тің алдына 10 нақты міндеттерінің талаптары мен жаңа мүмкіндіктерін 2018 жылы жүзеге асыру қажеттілігі баяндалды.

Топ мүшелері – жаңа жолдау Елбасы 2017 жылы жариялаған Қазақстанның үшінші жаңғыру бағытының платформасын дамытады – деп тұжырым жасай кетті.



Сонымен қатар, Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Наталья Михайловна Струментова жаһандық экономикалық дағдарыс кезеңінде осы билығы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының алатын орны ерекше және



өзекті екендігін баяндады.

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУМЫСЫҢ?!

Халықаралық қарттар күні – бұл аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Бұл – жан дүниенің жоумарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алышақ қалмай, үлкендерге құрмет көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар.

Зымыраған сағат тілінің шексіз тықылдап соғуына мән бермеген біз уақыттың қалай жылдам өтіп кеткенін сезбей қалыппыз. Енді міне, алдымызда 1-қазан – қарттар күні мерекесі келіп жетті. Неткен шіркін уақыт десенші, осылайша ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, үкімет тарапынан жан-жақты қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, ел-жұртым деп тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым-қатынастарында оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты. Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтымен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда. Осындай адамгершілікке жат, ұлтымызға ұят әдеттерден аулақ болайық, ағайын! Бабалар сөзі – кешегі өткен қариялардан, ғұлама ойшылдар мен шешен-билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы. Біздің ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлықтай тамаша тәлім-тәрбие берерліктей өсиет сөздер бар. Баланың рухани өсуіне ата мен әженің



ықпалы зор. Олар ең алдымен балаға тіл игеруге көмектеседі. Көшеде жүргенде ортадан үйренген қолайсыз сөздерге тыйым салады. Бұның бәрі – тәрбие. В. А. Сухамлинский: «Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да қажысы бар. Бұл моральдық қажыны құрметтей біл», – деп айтқан. Осындай қажыналы қариялар біздің қаламызда да баршылық. Атап айтқанда Мұхамбетияр, Әділхан, Фахредин, Әлмахан, олардың ізін басып келе жатқан өзге де қала қарияларының өңегелі сөздері мен өткен өмірлері өскелең ұрпаққа үлгі.

Ақылдың кені болар ата-әжелерімізді төл мерекелерімен газет редакциясы атынан құттықтай отырып, дендеріне саулық, бастарына бақ-береке, ұзақ өмір, шатшадыман көңіл, қажыналы қарттықтың бақытын тілейміз және жырдан сыйлық ұсынамыз!

Өмірінің өткен көктем, жазы да,
Болған кеше батыр мен би, қазы да.
Самайларын қырау шалған
қарттарым,
Бүгіндері ұрпақтарға қазына.

Бәсең желдің ызыңы бар әз-үнде,
Бұл қарттардың ұста келер әзілге.
Өткен күндер шежіресі жазулы
мандайдағы шимайланған әжімде.

Көрген қызық, қиындық та өмірде,
Қанша сыр бар кір шалмаған көңілде.
Ұрпақтарын бәліғатқа жеткізіп,
Отырар қарт үйінің кең төрінде.

Қартқа сәлем берер бек те, төре де,
Алар одан өсер ұрпақ өнге.
Үйден ұзап шыға қалса бір мезет,
«Аташым» деп сағынады немере.

Немерелер күтер одан ертегі,
Қариялар қилы өңгіме шертеді.
Сонау қалған күндерінде сан тарау,
Аралаған олар байтақ өлкені.

Қарт – қадірлі саған және маған да,
Жеткізген де солар мына заманға.
Ешқашанда мұң шалмасын жүздерің,
Көнекөздер аман болсын, әманда!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

КӘРІЛІК, ШАЛ ДЕГЕН – БІР, АТ ҚЫЛҒАНДАЙ...

Кәрілік, шал деген – бір, ат қылғандай...
Кәрілік, шал деген – бір, ат қылғандай,
Айнадай ақылды тат қылғандай.
Жеңілді ауыр, алысты жақын қылып,
Бір туысқан жақынды жат қылғандай.

Бойдағы бар қуаттың бәрін алып,
Қайрат, өнер, талапқа қат қылғандай.
Ойым –у, өмірім –су, үмітім –бу,
Қалмады бір сүйеніш шат қылғандай.
Токтаусыз төмендетті күннен-күнге
Түрі жоқ аз ғана аял, дәт қылғандай.
Шатыраш ойнап ұтылған

сықылданып,
Байқаймын, кешікпей-ақ мат қылғандай.

Ойлай берсем қайғы емес оның бәрі,
Көп жасаған қоя ма болмай кәрі.
Өкініш сол –өмірді босқа өткіздім,
Өлсем ойдан кетер ме соның зәрі.
Білген адам баянсыз іс қылар ма,
Қолда болып тұрғанда ықтияры.
Өмірден қымбат нәрсе бар ма адамда,
Орындыға жұмсаң өлмес дәрі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Ұстаздар мерекесі қарсаңында

ҰСТАЗ ЖОЛЫ – ҰЛЫ ЖОЛ



«Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанын бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», - дейді ұстаздардың ұстазы болған дана бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Өмірде талай ақын, жазушы, батыр өткен. Бірақ солардың барлығы ұстаздан тәлім алған. Ұстаз оқушыға білім беріп, үйретіп жол нұсқаушы бағдашан іспетті. Адам баласының бірінші үйі өз үйі, ал екінші үйі мектеп. Сол сияқты балаға бірінші ата-анасы тәрбие берсе, екінші ұстаз тәрбиелейді. Оны мен солын көрсетеді, бағыт-бағдар береді. Бірақ сол ұстаздың қадір-қасиетін шын мәнінде біліп жүрміз бе? Осы орайда Бөзидің мына бір сөзін келтіре кетсек: «Шәкірт болып жарытпаған адам, ұстаз болып та жарытпайды». Мен бұған толықтай қосыламын. Себебі өзі мықты білім алмаған адам, ол ешкімді де үйрете алмайды. Ұстаз болу, шәкірт тәрбиелеу – кез-келген адамға бұйыра бермейтін бақ. Жан жылуын, бар білімін баланың бойына сіңіріп, әр оқушысының үлкен өмірге оқып-тоқыған азамат болып аттануына зор үлес қосатын мейірбан жүректі ұстаздарымыз аз емес. Солардың бірі қаламыздағы № 2 жалпы орта білім беретін мектептің мұғалімі әрі тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары қызметін атқаратын Алтынай Серғабилқызы Ермағамбетова.

Жылда жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне, яғни қазан айының 5-жұлдызына тиіпті. Атаулы күнді еліміздің ұстаздарымен қатар қаламыздағы қос мектептің оқытушылар қауымы да атап өтеді. Сондықтанда мереке құрметіне осы салада ерен еңбегімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, жетекшілік қасиетімен балалардың оқу-тәрбиесіне ерекше үлес қосып жүрген Алтынай Серғабилқызы жайында әңгіме әрбітпекпіз. Бүгінгі мақаланың басты кейіпкерімен ұзақ жылдардан бері таныспын. Қалалық әкімдікте қызмет етіп жүрген кезінде жұмыс бабымен жиі әңгімелесіп тұратынбыз. Келіскен келбетіне жұмсақ, биязы, елгезек мінезі сай қыздың қай қызметті болса да үйіріп әкететін қарым-қабілеті бар екендігін байқайтынмын. Кейіншелік осы күнгі қызметі барысында мектептің ішаралары кезінде жолығысып, сұқбаттасып, ой бөлісе жүріп, мектеп ұжымының ол туралы жақсы ой-пікірлеріне, ризашылықтарына қанықтым. Жалпы еңбек пен қызметке араласқанына небәрі он бесшақты жылдың жүзі

болса да, ол әсіресе өзі сүйіп таңдаған ұстаздық жолында мықты абырой-беделге ие болды деп айтуға толық негіз бар. Мектепте жиі ұйымдастырылатын барлық ішаралардың басында жүретін, ұйымдастыратын, оны жүргізетін де Алтынайдың аса еңбекқорлығын, талпынысы мен іздемпаздығын және ұстаздар ұжымымен тығыз қарым-қатынасын, өзара түсінушілігін, ауызбірлігін байқауға болады. Өмірі мен қызметтік жолы көз алдымызда өтіп жатқан ұстаздың ғұмыр тарихы да қарапайым әрі қысқа. Алайда, талай замандастарына үлгі боларлықтай. Ақырын басып, анық жүріп келеді.

Алтынай Серғабилқызы 1981-жылғы 29-маусымда Қарағанды облысының Жарық кентінде дүниеге келген. Өзі қатарлас балақайлармен ойнап-күліп өскен кейіпкеріміз 1988-жылы мектептің 1-сыныбының табалдырығынан аттаған. Мектепте оқып жүргенде үлгілі оқушылардың бірі болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. Болашақтағы ұйымдастырғыштық қабілеті хәм адамдармен тіл табысқыштық қасиеті де осы жерде қалыптасса керек. Мектептің жалпы пәндері арасынан қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерін қызыға оқығандығының арқасында мамандығын да осы саладан таңдаған. 1998-жылы Жарық кентінің 11 жылдық мектебін бітіргеннен кейін Қарағанды қаласындағы Евней Арыстанұлы Бөкетов атындағы Ұлттық университеттің қазақ тілі әдебиеті пәні бойынша мұғалімдік факультетіне еш кедергісіз оқуға түсіп, студенттік алтын дәуірдің қызық пен қиындыққа толы басқышынан өткен. Ұстаздық саладағы еңбек жолын Приозерск қаласының Өнер және спорт мектебінен бастаған Алтынай «Сахна өнері» үйірмесінде қосымша білім мұғалімі болып қызмет атқарған. Өнерге қабілеті бар балалармен қоян-қолтық араласа жүріп, тәжірибесін шындаған. Осы жерде екі жыл істеген қызметі барысында оқушылармен көптеген сахналық қойылымдар жасаған және көпшіліктің, әсіресе қала басшылығының назарына іліккен. Соның арқасында 2005-2012-жылдар аралығында қалалық әкімдікте қызмет етті. Алайда, балалармен жұмыс істеу жанына жақын екенін түсініп, өзінің орны мектепте, балалардың арасында екеніне көзі жетеді. Міне, 2012-жылдан бері № 2 мектепте мұғалім әрі тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары қызметін атқарып келеді.

–Мектептің тәрбие ісі өте жоғары жауапкершілікті талап етеді. Осы жылдар барысында менің ұстаған ұстанымым – «Тәрбие беру үшін мұғалімнің өзі тәрбиелі болуы керек» деп түйсіндім. Мектеп оқушыларымен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді талап етеді. Қиындығы мен қызығы мол бұл қызметке мен өзімді бақыттымын деп есептеймін. Себебі, балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Олар маған шаттық сезімін сыйлайды, қанағаттандырады, күш жігер береді. Балаларға жаңаша, заман талабына сай білім беру үшін мен де өз білімімді ұштап, жаңалыққа ұмтылып отырамын. Бүгінгі таңда мектеп бағдарламаларында өзгерістер көп. Одан тыс қалуға есте болмайды. Ал, басшылық қызметте болуым ұстаздық етуіме кедергі келтімейді, керісінше көп еңбектенуге, ізденуге, көп оқып, көбірек білуге ұмтылдырады. Адамға жетістіктің өзі іздену мен талпыну арқылы келеді, – дейді А.Ермағамбетова бізбен әңгімесінде. Қолы жеткен табыстары мен жетістіктеріне келер болсақ, оның пәні бойынша оқушылары қалалық, облыстық байқаулардың жеңімпаздары атанып жүр. Ұстадардың төл мерекесі қарсаңында Алтынайды кәсіби мерекесімен өз атымнан және газет редакциясы атынан құттықтап, алдағы ұстаздық жолында жеңістер мен жетістіктер тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суретте: А.С.Ермағамбетова.

АЛЫСТАН ЖЕТКЕН ҰШБУ ХАТ

Құрметті, Ұстаздарым!

Сіздерді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз! Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаздар болуларыңызбен бірге, бізді сабырлы мінезбен, салиқалы салмақты ақылдарыңызбен тәрбиеледіңіздер және әрқайсымыздың өмірден өз орнымызды табуымыз үшін берген ақыл-кеңестеріңізге, бізді ел қатарына қосқаныңызға мың да бір рахмет айтып, шәкірттік ықыласымызды білдіргіміз келеді. Үлкен биікке қол жеткізуімізге, кісілікке, адамгершілікке тәрбиелегеніңіз үшін біз сізге әрқашан қарыздармыз. Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап шәкірттердің бойына жеткізе білгендеріңізбен қатар, бойларыңыздағы бар жинап-терген білімдеріңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіздер, балаларыңыздың білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіздер. Ол арманыңыз өзіңіздің ерен еңбегіңіздің арқасында жүзеге асады, орындалды да. Біз соған шын жүректен қуанамыз. Сіздерге әлі де шығармашылық жұмыстың жемісін жеп, біздің қызығымызға кенеле берсін деп тілейміз.

«Бүгінгі күн – кешегінің жемісі, ертеңінің болмысы», - дейді дана халқымыз. Қай мемлекеттің болсын ертеңі – білімді жастардың қолында. Алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастыратын кейінгі толқын жастар екенін өз басым жақсы түсінемін. Себебі мені және менің сыныптас достарымды ата-анамыз бен ұстаздарымыз осыған үйретті. Мен Құралай Құралбаева өзімнің сүйікті қалам – Приозерскідегі № 2 жалпы орта білім беру мектебінің түлегімін. Биыл Ұлттық бірыңғай тест тапсыру кезінде жоғары ұпай жинадым. Бұл мектептегі ұстаздарымыз еселі де, нәтижелі еңбегінің арқасы және өз біліміңнің жемісі деп білемін. Қазір сол білімнің арқасында Алматы қаласындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне оқуға түсіп, мамандық алу жолындағы студенттік дәуірімді бастап кеттім. Біздің сыныптағы құрбы-құрдастарымыз аталмыш мектеп пен ұстаздарымыздан тиянақты білім алғанымызды үстіміздегі жылдың білім қортындысы анық дәлелдейді. Себебі ҰБТ тапсырған 6 оқушының барлығы жақсы ұпай жинап, бәрі де жоғарғы оқу орындарына



түсті. Алтын белгі мен қызғал аттестатқа 2 оқушы қол жеткізді. Олар Ағниет Ағатаева мен Гүлжайна Таир болатын. Міне, осы жетістігімізге жетудегі ұстаздарымыздың еңбектерін біз қалай елемейміз, қалай ұмыта аламыз?..

Мектеп қабырғасымен қоштасқаным күні кеше секілді болғанымен, әлден ұшқан ұямды сағына бастағандаймын. Міне, әр жылғы күз айы – қазанның 5-жұлдызында мерекеленетін «Ұстаздар күні» де келіп қалыпты. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, № 2 ЖОББМ ұжымына алғысымды білдіргім келеді. Әсіресе, мектеп директоры Алтынбекова Қарлығаш Серікқызына ерекше алғыс-рахметімді арнаймын. Себебі, мектептегі білім саласының жоғары деңгейде және тәртіптің мықты болуы сол кісінің арқасында деп ойлаймын. Қарлығаш Серікқызының ашық-жарқын мінезі, өз ұстанымы адамға жігер береді. № 2 ЖОББМ ұжымының барлық ұстаздарын күздің керемет мезгілінде болатын төл мерекесі «Ұстаздар күнімен» шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге өзімнің және сыныптас-тарымның атынан жақсы шәкірттеріңіздің көп болуын, еңбектеріңізге жеңіс, қажымас қайрат, толағай табыс тілеймін!

Құралай ҚҰРАЛБАЕВА,
Алматы қаласынан

О Т Ы З Б І Р І Н Ш І С Ö З

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде гибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

Абайдың қара сөздерінен

100 жаңа есім

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – 100 ЖАҢА ЕСІМ ЖОБАСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕ

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Рухани жаңғыру – 100 жаңа есім жобасының екінші кезеңі» тақырыбында форум өтті. Форум барысында Приозерск қаласының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Алмас Ұ. «Мен, елімнің жаңа тұлғасымын» атты тақырыпта баяндама жасады. Форумның мақсаты жастарға үлкен серпіліс беру, жарқын болашаққа жету кез келген жас жеткіншектің қолынан келетіндігіне, тұла бойына үлкен сенім ұялату. Әрбір жасөспірім

болашақта білімді, заманауи болуға, жаңалықтар ашуға, жаңа леп, толқын алып келуге лайықты. Яғни, Рухани жаңғыру – 100 жаңа есім жобасының екінші кезеңіне біздің қаламыздың талантты балаларына қатысуына болады. Форумның негізгі мақсаты да сол болмақ, қаламыздың талантты, дарынды жастарына осы жаңалықты жеткізіп, қатысуына күш жігер беріп, жігерлендіру.

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі



КАЗАХСТАН - КАК СОВРЕМЕННОЕ СУВЕРЕННОЕ ГОСУДАРСТВО

Республика Казахстан и Российская Федерация, как новые суверенные государства, на политическую и международную арену вышли примерно в одно время - после распада СССР. Многие политические процессы, проходящие в наших странах имели общие исторические корни и социально-экономические основы, заимствованные из государственного строя и политической системы бывшего Советского Союза. В научной литературе сложилось мнение, что под «современным государством» понимается тип государственной системы, для которой характерны: 1) чёткие территориальные границы; 2) развитый институт гражданства; 3) наличие профессиональной армии; 4) разветвлённая система демократических институтов власти; 5) разделение светской и религиозной властей; 6) наличие современных технических средств управления.

В начале 90-х годов на огромной территории евразийского континента произошла смена одной государственно-политической системы, называвшейся социалистической, другой которая, как бы мы не хотели именовать иначе, называется капиталистической.

В период бурных политических процессов в центре и на местах крупнейшего государства конца XX века в течение нескольких лет произошли два редчайших в истории события. Первое - мгновенно развалилось союзное государство, считавшееся могучей сверхдержавой, второе - на месте одного федеративного государства образовались 15 самостоятельных государств. Таким образом, современное государство, Республика Казахстан - продукт уникальных исторических событий. В результате распада СССР, прежде всего, по вине союзного центра, Казахстан стал самостоятельным, суверенным государством. Соответственно начали действовать объективные закономерности слома старого и формирования нового типа государства и новой политической системы. В течение 1991-1995 гг. шел процесс слома социалистической государственной машины и создания новой. Формирование основных институтов современного государства началось с принятия новой Конституции Республики Казахстан на республиканском референдуме от 30 августа 1995 года.

С приобретением независимости и принятием новой Конституции в Казахстане началась многотрудная работа по укреплению новых принципов организации и деятельности государства. За годы независимости были решены такие вопросы: 1) об этнонациональной характеристике государства; 2) о форме правления; 3) о структуре государства; 4) о функциях государства; По Конституции 1995 года новая государственность создается на исконной казахской земле и единственным источником власти является весь народ Казахстана. Такой подход к характеристике социально-этнической основы государства соответствует реалиям и служит цементирующим началом всего общества. Вопрос о форме правления в Казахстане решался эволюционно. Вначале, в силу советских традиций коллективного правления, ориентация была на парламентскую республику советского типа. Однако практика первых лет создания новой государственности и его институтов доказала историческую тупиковость, всю противоречивость данного направления развития. Постепенно складывалась и окончательно укрепилась, как и в Российской Федерации, сильная президентская форма правления.

В Конституции Казахстана определены основополагающие принципы всех институтов политической системы общества, в том числе государства. На первом месте стоит принцип общественного согласия. Закрепление такого, на наш взгляд, общедемократического, общечеловеческого гуманистического принципа обусловлено тем, что общество в силу объек-

тивных социально-экономических факторов делится на различные слои, группы, классы, этносы, сословия, демографические группы, конфессии. Также деление социума означает наличие у него различных общественных интересов, мировоззрений, взглядов, идей и убеждений, порой, к сожалению, несовпадающих, иногда даже несовместимых друг с другом. При научно обоснованной, выверенной политике институтов власти государства эти различия не должны служить причиной общественного противостояния, конфликтов и столкновений. Поэтому усилия всех институтов власти в Казахстане призваны сохранять и обеспечивать в своей повседневной практи-



ческой деятельности общественное согласие, что и осуществляется на протяжении всего периода независимого развития Казахстана как суверенного государства.

Другим основополагающим принципом Конституции Казахстана является установление политической стабильности. Как и общественное согласие, политическая стабильность достигается в результате многоплановой и постоянной работы всех институтов политической системы. Обеспечение общественного согласия и политической стабильности одно из важных достижений нашей страны как современного цивилизованного государства. Деятельность Республики Казахстан должна быть направлена на экономическое развитие. Этот принцип является основополагающим в силу определяющего места экономики для прогресса страны, для человеческого развития. Закрепление этого принципа в Конституции, во-первых, указывает на особую ответственность государства за экономическое развитие. Государство и при рыночных отношениях, и при доминирующем характере частной собственности не может стоять в стороне от экономических процессов, не может быть нейтральным наблюдателем рыночной стихии. Экономический прогресс невозможен без всесторонней управляющей регулирующей деятельности государства. Это уже доказано экономической деятельностью казахстанского государства в кризисные 2008-2009 годы, особенно в банковско-финансовом секторе. Из всех стран СНГ Казахстан из этого кризиса вышел с наименьшими потерями. Во-вторых, согласно Конституции признана роль самого гражданского общества в налаживании экономических отношений, в развитии экономики. Это вытекает из конституционного положения о двух формах собственности: государственной и частной - как основ казахстанской экономики. Частный сектор экономики в лице его субъектов должен заботиться не только о собственном благе, но и быть ответственным за развитие экономики. Это не благое пожелание, а конституционное требование.

Важным основополагающим принципом в Конституции выдвинут казахстанский патриотизм. Патриотизм - это идея, чувства и действия граждан Казахстана, выражающие любовь и преданность Родине, способствующие ее успехам во всех областях жизни - в политической, экономической, культурной, повышению ее могущества, обороноспособности, укреплению авторитета на международной арене. Казахстанский патриотизм - осознание общности интересов людей разных этносов, десятилетиями живущих в Казахстане, уважение к историческому прошлому этой страны, активная созидательная деятельность по созданию и укреплению нового государства. Он



отвергает национальный нигилизм, состоящий в пренебрежительном отношении к национальной истории, к национальным обычаям и традициям. Казахстанский патриотизм не приемлет лжепатриотизма, искаженных представлений о своем этносе, противопоставления его другим этносам. Поскольку данный принцип служит объединению всех этносов и социальных групп, он несовместим ни с национализмом, ни с шовинизмом, ни с сепаратизмом.

Наиболее общие характерные черты и особенности современного казахстанского государства:

1. Казахстан - суверенное государство: суверенитет Республики Казахстан распространяется на всю территорию; Конституция РК и ее законы имеют верховенство на всей территории; верховенство власти. Верховенство позволяет создавать самостоятельную систему национального права, которая регулирует важнейшие стороны общественных отношений, устанавливает единый на всей территории правовой порядок и устанавливает гражданство;

2. Казахстан - демократическое государство

Демократический характер государства Казахстан заключается в выборности главы государства, депутатов Парламента, местных представительных органов. Демократичность государства Казахстана выражается в демократических способах проведения референдума. Проведение референдума основывается на принципах: 1) добровольности участия в референдуме и свободного волеизъявления граждан; 2) всеобщего, равного и прямого права граждан на участие в референдуме при тайном голосовании; 3) гласности. На референдум могут быть внесены вопросы принятия Конституции, Конституционных законов Республики, внесение в них изменений и дополнений. На референдум могут выноситься вопросы, связанные с решением иных наиболее важных вопросов государственной жизни Республики.

3. Казахстан - унитарное государство. В Конституции провозглашается, что Республика Казахстан является унитарным

Политический курс состоявшегося государства

государством с президентской формой правления. В Конституции закреплены принципы унитарного устройства государства. К ним относятся: территориальная целостность, ее единство; единство органов государственной власти; разграничение предметов ведения и полномочий между высшими органами государственной власти и местными органами государственной власти; единство внутреннего и внешнего суверенитета; единая конституционная и общая законность; единство гражданство.

Казахстан в 1991 году выбрал суверенитет, свободу, открытость миру. Казахстан, чтобы стать современным, конкурентоспособным государством осуществил тройную модернизацию: построил современное государство, и совершил прорыв в рыночную экономику, заложил основы социального государства, перестроил общественное сознание. Несмотря на этническое, культурное и религиозное многообразие, мы сохранили в стране мир и политическую стабильность. Казахстан стал родным домом для представителей 140 этносов и 17 конфессий. Гражданский мир и межнациональное согласие - наша главная ценность. Мир и согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране справедливо признаны мировым эталоном. Ассамблея народа Казахстана стала уникальной евразийской моделью диалога культур.

Казахстан первым в Содружестве Независимых Государств сформировал современную модель рыночной экономики, основанную на частной собственности, свободной конкуренции и принципах открытости. Казахская модель основывается на активной роли государства в привлечении иностранных инвестиций. В страну привлечены более 160 миллиардов долларов иностранных инвестиций. По итогам 2012 года Казахстан вошел в число 50 крупнейших экономик планеты по объему ВВП. В рейтинге Всемирного экономического форума Казахстан уже занимает 51 место.

При определении стратегии дальнейшего развития Казахстан учитывает следующие глобальные вызовы XXI века: обостряется глобальный демографический дисбаланс, угроза глобального продовольственного дефицита, дефицита воды, энергии, истощаемость природных ресурсов, нарастающая социальная нестабильность, угроза новой мировой дестабилизации. Поэтому нынешняя повестка дня отличается от той, которая была у нас на этапе становления государства. Характер и глубина происходящих в мире трансформаций, глобальная взаимозависимость требуют устойчивого долгосрочного развития. Казахстан сегодня - успешное государство, имеющее свое лицо, свои особенности и свою позицию. Страна более 20 лет работала на укрепление суверенитета и политического веса. Сильное государство занимается не политикой выживания, а политикой планирования, долгосрочного развития и экономического роста. Многие страны уже пытаются заглянуть за пределы 2030 - 50 годов. Поэтому в декабре 2012 года в нашей стране с учетом глобальных изменений в мире и собственных достижений, возможностей по инициативе Президента Н.Назарбаева принята «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства». Наша главная цель - к 2050 году войти в число 30-ти самых развитых государств мира. Основными направлениями этой стратегии являются: дальнейшее развитие и укрепление государственности; переход на новые принципы экономической политики; всесторонняя поддержка предпринимательства - ведущей силы национальной экономики; формирование новой социальной модели, создание современных и эффективных систем образования и здравоохранения; повышение ответственности, эффективности и функциональности государственного аппарата.

Б. Курмангожин,
специалист по религии



САҚАЛ ҚОЮ ИСЛАМНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ ЕМЕС

Қазіргі таңда қоғамда мұсылман жастардың сақал қою әрекеттері елдің назарын аудартып, әртүрлі көзқарас-пікірлер туындауда. Өкініштісі, еліміздегі теріс діни ағым мүшелері сақалды ең маңызды ұстанымдардың біріне айналдырып отыр. Бұған қоса олар сақал қоймаған мұсылмандарға деген көзқарастары теріс қалыптасып, сақал өсірмейтіндерді ауыр күнәлармен айып-тауда. Сақалын алған адамдарды олар пайғамбарлардың сүннетінен бас тартқандар және Ислам ғалымдарының пікірінен оқшауланған адамдар ретінде пайымдайды. Олар бұл ұстанымдарын пайғамбардың (с.а.у.) сақалға байланысты айтқан хадис-терімен дәлелдеуге тырысады.

Қазақ даласының ұлы тұлғалары, хандары мен билерін сақалсыз елестету мүмкін емес. Қазақта «ақсақал», «ата сақалы аузына түскенше», «сақал жүздің көркі», деген қанатты сөздер жайдан жай айтылмаған. Бұның өзі сақалдың бізге жат құбылыс емесігін білдіреді. Шын мәнінде, сақал ежелден Ислам келгеннен бері мұсылмандар арасында қалыптастан, жалғасын тапқан үрдіс болып келеді. Сақалға байланысты Аллаһтың елшісі (с.а.у.) өз хадисінде: «... Сақалды жіберіндер, мұртты қырындар», деген. Бұл хадис төңірегінде Ислам ғалымдары түрлі көзқарастар айтқан. Тағы бір Омар ибн Харуннан жеткен хадисте: «Аллаһ елшісі (с.а.у.) сақалды алғанда жандарын қысқартқандай ұзындығын қысқартатын», делінген (ат-Тирмизи).

Осы секілді хадистерді көптеген ғалымдар алға тартып сақалдың үкімін сүннет амалына жатқызған. Осыған байланысты сақал Исламда арнайы парыз болып бекітілген амал емес екендігіне де көптеген ғалымдар бір ауыздан келіскен.

Дегенмен, Ибн Таймия секілді Ханбали мазхабының өкілдері сақалды уәжіп (міндетті) амалына жатқызған. Бірақ, басқа мазхаб өкілдері уәжіп амалымен келіспей оны сүннет амалына жатқызған. Мысалы, Мысырдың пәтуа шығару басқармасы (Дар ал-Ифта) сақалға байланысты былай пәтуа шығарған: «Расында сақал пайғамбардар (с.а.у.) бері жалғасын тауып келе жатқан үрдіс. Аллаһ елшісі (с.а.у.) қашанда сақалдына иіс су сеуіп, уақытылы қысқартып жақсы-лап қарайтын.

Шафиғи мазхабының көрнекті өкілдері Имам Науауи, Әбу Уалид ибн Руид, Қади ибн Журра, Имам Фазали, Имам Бағуи сақалдың уәжіп амалына жатпайтынын ескеріп кеткен. Сондықтан сақал қою уәжіп амалдар емес бәлкі мұсылманды өзге дін өкілдерінен ерекшеліктің амал. Сонымен қатар адамның киім киюі, иіп жөуі, сыртқы көрінісіне көңіл бөлуі секілді амалдар уәжіп болатындай құлшылық амалдарынан емес екенін естен шығармаған жөн. Сол үшін адам өмір сүріп жатқан қоғаммен санасып, сол қоғамның ағысымен бірге ағу керек».

Сондай-ақ, сақалға байланысты Иордания Королдігінің бұрынғы мүфтиі Нұх Али Сүлеймен (1939-2010) шығарған пәтуасы-

ның мазмұнында: «Егер сақалдың ұзындығы отбасында, жұмыс орнында жанжал туғызатын болса онда шешімін табу үшін білім иелеріне жүгіну керек. Себебі, заманның ағысымен жағдайлар да өзгеріп отырады. Сондықтан, барлық мәселенің шешімін өз уақытымен байланыстырып отыру керек» (25.01.2010 жылы 464 - пәтуа).

Сонымен қатар белгілі ғалым Мұхаммед Рида өзінің «Мәжәллатул мәнәр» кітабында «Сақал қырыққан күнәһар болмайды», деп айтып кеткен. Бұған қоса әлемге әйгілі әл-Азхар университетінің беделді ғалымдары сақал қоюды уәжіп емес сүннет амалы деп атап кеткен. Мәселен, аталмыш университеттің бұрынғы уәкілі Махмуд Ашур былай деген: «...Ардақты сахаба Әбу Бакрде сақал болды және Исламның дұшпаны Әбу Жаһилде де сақал болды. Демек, сақал ол шариғат аясындағы сүннет емес бәлкі, әдеп-ғұрыпқа негізделген сүннет амалы қатарына жатады».

Сайып келгенде, қылышынан қаны тамған кенес одағынан азаттық алып, дінімізбен қайта қауышу дәуірінде қоғамдағы әртүрлі мәселені дінге әкеліп тақай беруге болмайтынын ескерген жөн. «Дін ұстана алсаң қасиетің, ұстана алмасаң қасіретің» деп қазақ бекер айтпаған. Дінді кез-келген мәселенің қолшоқпарына айналдырып, шешімдерді шариғаттан іздей беруге болмайды. Себебі, қоғамдық мәселені заманның ағысымен, халықтың дүниетанымымен сабақтастыра отырып қарастырылған жөн. Түймедей мәселені түйедей етіп, дінімен сағына қауышқан қазақ халқының дінге деген көзқарасын терістеп,



сақалдың үкімімен жұртты үрейлету асырасілтеушілік болып табылады. Сақал қою үкімі шариғат бойынша сүннет амалы дедік демек, сүннет амалын орындасаң сауапты боласың ал, тәрк етсең ешқандай күнәһар болмайтынын естен шығармаған жөн. Бұған қоса мұсылман адам тазалыққа да мән берген жөн. Яғни, сақалды ұсқынсыз етіп, қалай болса солай қараусыз өсіруге болмайды. Себебі, Ислам тазалықтың діні. Осыған сәйкес мұсылман күнделікті намаз оқымас бұрын дәрет алып бойын тазартып алатыны бекер емес. Ардақты пайғамбардың (с.а.у.) өзі сырт келбетіне жақсы қарағаны туралы деректер жетерлік. Сондықтан кез-келген адам тар ойдың аясында өзгеге түрлі ой салмай, әрбір қоғамда өзінің жанын, тәнін тұлға ретінде қалыптасу үшін үздіксіз тазалыққа, мейірім-ділікке тәрбиелеуге тырысу керек. Түрлі мәселені талқыға алып Исламға пайда тигіземін деп пайдасыз пенденің кебінін киіп қалмаған жөн ағайын.

Жалғас АСХАТУЛЫ,
ділтанушы

Біздің сұқбат

Ө М І Р І – Ө Н Е Г Е

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын...» деген мәтелді қазақ қандай тауып айтқан десеңші. Оған қоса әрбір адамның қасына жақын жүрген жақсы немесе нашар адамдардың да кісіге ететін ықпалы-әсері мол. Кейбір жандармен қаншама ұзақ уақыт жолдас болып әлде бірге қызмет етсе де, онымен тіршіліктегі жолың екіге айрылғанда тез-ақ жадыңнан шығып кете салады. Елеп, ескеретін де ештеңе болмайды. Ал, керісінше кей адаммен аз уақыт қызметтес немесе көрші болғаныңмен, ондай жандар арадан қаншама жыл өтсе де есінде сақталып қалып, өз өміріне жасаған ықпалы мен қоғам үшін еткен орасан қызметін кимастықпен көз алдыңнан өткеріп отырасың. Сондай жандар жайлы әңгімелесу барысында қаламыздың ардагер азаматы, нотариус Сайлау қажы Смағұлұлымен сұқбат құрған едім. Сәкен айтып берген Ахмедия ата туралы естелік әңгімені оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдім.

Сайлау қажы былай деп сыр суыртпақтады: Мен де тағдырдың талай тармақтарынан өткен, өмірдің бұраланы көп жолдарын артта қалдырған, талай азаматтармен қоян-қолтық араласып қызмет еткен азаматтың бірімін. Қарапайым қойшының отбасында туып-өсіп, еңбек жолымды да сол ата кәсібімнен бастап, кейіншелік жоғарғы оқу орынын бітіріп партия, кенес, құқық, заң салаларында зейнетке шыққанша лауазымды қызметтер атқару барысында орқилы адамдармен қызметтес, жолдас, көрші, дәм-тұздас бола жүріп, олардың талайының есімі түгілі, өзін де ұмытыпшың. Ал, осы естелік әңгіменің кейіпкері – Ахмедия Смағұлұлы ақсақалмен кемдікүн көрші, қызмет бабымен аралас-құралас болғанымызбен, Ахаңның азаматтық ұстанымы, адамдық қасиеті, ақеден адалдығы мен біліктілігі, іскерлігі, көшбасшылығы мен қарапайымдылығы, елі мен жұртының қамын күйтейтін ерен еңбектері, үлкен-кішіге бірдей құрметі – барлық адами өмір тіршілігі біз үшін сабақ, үлгі, тағылым-тәрбие болғанын қалай жадыңнан шығарарсың?! Мен осындай адаммен

қатар ғұмыр кешкенімді мақтан тұтамын...

Өткен ғасыр сахнасының сыртында қалып кетсе де, сол бір қайталанбас жылдардың естеліктері окта-текте сағымдай сырғып көз алдымыздан өтіп жататыны бар. Биылғы жылдың күз айының бастауы Қарағанды облысының Нұра, Ақтоғай, Шет аудандарының халқы үшін мерейтойлы сәттерге толы болды. Аталмыш үш ауданның 90 жылдық мерейтойлары жоғары деңгейде аталып өтті. Ғасырға жуық кезеңді артта қалдырған аудандардың жаңа ғасыр, жаңа деңгейде алғашқы қадамын жасауына, өсіп-өркендеуіне, жетіліп-желкілдеуіне субелі үлес қосқан жандардың есімдері есіне түсетіні рас мұндайда. Отан соғысының отты жылдарында жаумен жағаласып, елі мен жерін басқыншы фашизмнің улы тырнағынан арашалап қалу жолында қаны мен терін төккен майталмандардың тұралап қалған халық шаруашылығын қалыптастыруға да қосқан еңбек-үлестері ұшан-теңіз еді. Солардың бірі батыр атағына шендесетін, «Қызыл жұлдыз» орденін үш рет омырауына таққан Смағұлұлы Ахмедия ағамыз болатын. Жігіт жасы – жиырма бесімде сол кездегі Ақадыр ауданының комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет етіп жүрген кезімде Ахмедия ағамен көрші тұрдық. Танысып-білістік һәм жақын араласу бақытына ие болдым. Өмірдің талай өткелдерін басып өткен, зейнетке шықса да қаруы қайтпаған Ахаң ауданның бетке ұстар ақсақалдарының бірі әрі бірегейі болғанын ол кісінің отбасымен жақын араласу барысында мольрақ білдім. 1973-жылдың мамыр айында Ақадыр ауданы Жезқазған облысының құрамында аудан болып ашылғанда іргетасын қаласып, қазығын қағу құрметіне ие болған атпал азамат осы ауданның еңсесін көтеріп, өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан. Ақадыр аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып 1979-жылға дейін қызмет атқарған Ахаң зейнетке шығып, ауылдың ақсалдары қатарында жүрген кезде Ақадыр кетінде тұрды. Дружба

көшесінің 22-үйінде ол кісінің отбасы, 21-үйінде менің отбасым тұрдық. Қазір ол көше сол Ахмедия Смағұлұлының атымен аталады. 2000-жылға дейін ағайын-туғаннан артық араласқан кезімізде Ахаңның өмір тарихымен аз-кем танысқаным бар.

1919-жылы Жаңаарқа ауданының Атасу ауылында кедей шаруа отбасында дүниесі ашқан Ахмедия Смағұлұлы 16 жасынан бастап еңбекке араласқан. Білімге құмар болып өскен ол кісі соғыс басталғанша туған ауылындағы мектепте ұстаздық еткен. 1941-1947-жылдар аралығында Кенес армиясының сапында қымет етіп, майдан даласындағы қырғын ұрысқа бастан аяқ қатысып, туған еліне соғыстан соң екі жылдан кейін оралады. Халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қалтқысыз қызмет еткен ағамыздың іскерлігі, адалдығы, ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, үнемі лауазымы көтеріліп отырған. Жаңаарқа ауданы партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне дейін өскен Ахаң, Алматы қаласындағы жоғарғы партия мектебінде (1960-жылы) білімін жетілдірген. Әсіресе Ақадыр ауданы ашылғаннан кейінгі атқару комитеті төрағасының бірінші орын-басары қызметінде болған кезіндегі ұйымдастыру қабілетінің, іскерлігінің, елжандылығының, қабілет-қарымының ерекше сыналған тұсы болған-тын. Ауданның комсомол ұйымын басқарып жүрген кезімде Ахаңмен өте көп бас қосып отыратынбыз. Аудан және аймақ көле-мінде өтетін қоғамдық шараларға қалмай қатысып, ақыл-кеңесін беріп, аға буынның тәжірибесімен бөлісіп жүретін. Ойы ұшқыр, ақылы терең, өмірдің ащы-тұщысын бір кісідей тапқан ақылман аға біздің замандас жастарымызға барынша қамқор, үлгі-өнеге бола білді. Ахаңның

өмірсерігі Дәрібала апа мағыналы өмірінің ақырғы сағатына шейін ұстаздық қызметте болды. 5 ұл мен 1 қыз тәрбиелеп өсірген өнегелі ата-ананың перзенттері де жақсы азаматтар болып жетілді. Менімен замандас ұлы Сейіт мектепті үздік бітірген соң ауыл шаруашылығы техникалары саласын басқарып, ауданның өркендеуіне атсалысты. Ахаңдай атпал әкенің тәлім-тәрбиесін алған азаматпен қатар жүріп, оның қызмет барысында қия басқанын көрмегенмін. Менің өмірлік жолымда бағдаршам секілді болған, әрі ауылдас, әрі көрші және ақсақал ретінде ол кісіден көп нәрсе үйренгеніме тағдырыма ризамын деп нық сеніммен айта аламын. Осындай ақылды, көрген-білгені, тоқып-түйгені көп жақсы адам 1997-жылы 1-мамырда дүниеден өтіп, мәңгілік сапарға аттанды. Ахмедия ағаның артында оның ұрпақтары, ел-жұрты үшін істеген орасан зор еңбектері, халық шаруашылығын дамытуға қосқан қомақты үлестері, біздің замандастарымыздың және менің есімізде ол кісінің ақыл-кеңестері де мәңгілік жадымызда қалды.

Сәкенмен болған сұқбат талай керемет жандардың өмір тарихы мен еңбектерін менің де есіме түсірді. Амандық болса ұрпаққа үлгі ету мақсатында осы тақырыпты алдағы уақытта жалғастырсам деген ой туындады. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық сөз осындайдан қалса керек. Келер жылы 100 жылдық мерейтойын Ахаңның ұрпақтары мен еңбегі сіңген елінің азаматтары, ізінен ерген қауымы есте қалардай деңгейде атап өтеді деп ойлаймыз. Жақсы ағаның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

Қ Ы Р Ы Қ Т Ө Р Т І Н Ш І С Ө З

Адам баласының ең жаманы – талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекедін» керек қылмайтуғыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды «А, бәрекедін» - деушіні көңіл іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бәрекедін» онды күтпейді. Маған «бәрекедін» - десе, осы өзімнен серіктес, сырлас осылар «бәрекедін» - дер дейді.

Абайдың қара сөздерінен

ТЕКТИЛІК

Жаныңда жүр жақсы адам



Тектілік. Адамгершілік. Кісілік... Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, қоғамда құрметке ие ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды-мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды-мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Ал, адамдардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Осындай құндылықтың бәрі түбінде тектілікке келіп тіреледі. «Өркениет» көшінен қалмаймыз деп жанталасып жүргенде жоғарыдағы адами қадір-қасиетімізді жоғалтып алмадық па деген ой келеді кейде адамға. Көзге көрініп тұрған шындықты мойындаса, соңғы кезде адамдар бойынан немкеттіліктің, бойкүйездіктің, қаталдықтың, жаныашымастықтың, тіпті кейде қатігездіктің нышандары байқалатыны жасырын емес. Бірақ бұл қазір ешқандай адамгершілігі бар адамдар қалмады дегенді білдірмейді. Бес саусағымыз секілді адамдар да әрқилы. Әртүрлі жаратылған. Әрі оны заманның толқуынан көру де дұрыс болмас. Бұның негізі – адамның тегінде, тұқымында, өскен және араласатын ортасында, болмысында жатса керек.

Бүгінгі әңгімемізге арқау болғалы отырған азаматты қала жұртшылығы дерлік түгел таниды десек жаңылыспайтын шығармыз. Ширек ғасырға жуық өмірін осы қалада өткізіп келе жатқан Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесов қалалық мемлекеттік архив мекемесін жиырма жылдан бері басқарып келеді. Оның алдына қала тұрғындары жиі келеді. Олардың арасында барлық ұлттың өкілдері бар. Бұл адамға келетіндер тек құжат мәселесімен ғана емес, ақыл-кеңес сұрауға, бітпей жатқан шаруаларына көмектесуді өтінуге, заңдық-құқықтық мәселелер бойынша кеңес алу үшін бас сұғады. Білігі мен білімі бір басына жетіп артылатын ол ешбір адамды жөн айтпай шығарып салған емес. Шаруасын бітіріп, ақыл-кеңес алып, жөн-жосық біліп қайтқан жандар әрдайым оған ризашылығы мен алғысын білдіріп жүреді. Ж.Кеңесұлымен біздің таныстығымыз һәм жора-жолдастығымыз тым әріден басталады. Сондықтан да бұл кісі жайлы өзгелерден көбірек білемін деп айта аламын.

Бізді таныстырған да, табыстырған да тағдырдың өзі. Сонау 1995-жылы осы қалаға көшіп келген соң, қызметтің әр саласында қызметте жүріп, әрқилы адамдармен жолымыз тоғысты. Қалалық коммуналдық шаруашылық басқармасында қоймашы болып істеп жүрген 1998-жылдың көктемінде материалдар мен қажетті заттар алуға келетіндердің

арасында ұзынша бойлы, зор денелі, келбеті келіскен, жылы жүзді, өзім қатарлы бір жігіт ағасы келіп қажетін сұрады. Өзін осында жаңадан ашылып жатқан балық зауытының директорымен деп таныстырған соң, қайдан келгенімізді айтып, қысқаша танысу ишарасын жасадық. Оның Қызылорда облысының Арал ауданының тумасы екенін, қазақи жолмен сұрастырып руының әлім екенін білдім. Қарға тамырлы қазақ сұараса келе әйтеуір бір жағынан жақын болып келеді ғой. Әлімдермен де құда-андалығымыз бар екені рас. Әрі замандас болғасын әңгімеміз жарасып жүре берді. Күзе салым балық зауыты әрі қарай жұмысын жалғастыра алмаған тұста ол аз уақыт бос жүріп, кейін Приозерск қаласы мемлекеттік мұрағатына директор болып тағайындалған. Міне, содан бергі кезеңде біздің достығымыз бен қарым-қатынасымыз жалғасып келеді.

Кітап, газет-журналды үзбей оқытып, бұл жағынан ортақ тақырыбымыз да жетерлік. Қоғамда, айналада, аймағымыз бен қаламызда жылт еткен жаңалық оқып, естісек, соны ортақтасуға, талқылауға асығатынымыз да бізді жиі кездесуге итермелеп тұрады.



Тарих, шежіре, өткен ата-бабалар өсиеті мен өмірі, тек пен рулар, аталықтар жайында өте көп білетін жандардың бірі һәм бірегей де осы Жақаң. Арал мен Тауелібайдың жұрты ұқсас, тілі мен салт-дәстүрі, ұстанымы ортақ ел болғасын, бұл жағынан да айтар әңгіме мен ортақ ой табылады. Екі елдің тыныс-тіршілігі, өмір-тұрмысы, әдет-ғұрпы да бірдей екендігіне көзіміз жетті. Жақаң оқып-біліп қана қоймай, ойдағыларын қағаз бетіне шимайлап жүретін әдеті бар. Бұл да ұсынақтылықтың, еңбекқорлықтың белгісі. Соның арқасында еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында, 2011-жылы «Сартай батыр» тарихи-тағылымдық, ғылыми-зерттеу кітабын жарыққа шығарды. Сол кітапты жазу барысында жиі ұшырасып, ой-пікір қосып, кейбір деректерді жазуға көмектесіп, творчестволық байланысымыз нығая түсті. Оның жады мен зердесінің мықтылығына таң қаламын. Кез-келегенмен әңгімеміз жараса бермейтін әдетімізден де мінез ұқсастығы білініп тұрады. Жөнсіз бірдеңені байқап қалса беті-жүзіне қарамай турасын айтып салатын шыншылдығы тағы бар. Журналистикадан, жазу-сызудан хабардар ол қала тарихын баяндайтын Саршаған сынақ алаңының 50 жылдығына арналған «Отан қалқаны» аталатын мерейтойлық кітапты сол кездегі қала әкімі Сағынбай Медеубаевтың ұсынысымен 2006-жылы оқырманға ұсынды. Кітап мазмұны мен дәлелді деректері жағынан жақсы жызылып, оқырмандар тарапынан лайықты бағасын алды.

Ізденуден шаршап-жалықпайтын Жақаңның еңбекқорлығы өз алдына. Оның қызмет бабынан тыс кезде

тіртінектеп қара жұмыс істеп жүретінінің, құрылыс жұмысынан хабардарлығының арқасында аралдықтардың үй салу мәнерімен зыңғырлатып қара шаңырағының қабырғасын қалап алды. Көл жағасында ешкімге қажетсіз болып өсіп тұрған кәдімгі қамыстан пайдаланып тұрғызылған үйдің тиімді қасиеті сонда, жазда салқын, қыста жылы болуында. Әрі жауыншашын мен ызғарда сыз ұстамайды. Бұл да оның бесаспаптығын, әмбебаптығын көрсетеді. Өміріміз осы қалада, араласып-құраласып өтіп жатқандықтан Жақаң туралы басқа жандардың да ыстық ықыласы мен жылы лебіздерін көп естиміз. Адамдарды алалап, бөлуді ұнатпайтын ол қала тұрғындарының бәрінің қуанышы мен қайғысына ортақтасып жүреді. Зейнеткерлікке шығуы барысында құжаттамалық мәселеде көп қиындыққа тап болған Машарипов Орынбай ағамыз ол туралы былай баяндайды: «Біз қазақ құжаттама жағына тым салақ екенбіз ғой. Еңбек кітапшамызға не жазып, не қойып жатқанынан, мөрдін қалай басылғанынан мүлде бейқабар екенбіз. Сол салақтықтың салдарын енді зейнетке шығар кезде

әбден тарттым. Егер Жолмұрат інім көмектесіп, жүгірмегенде табанымнан тозатыным анық еді. Өмірімде өте көп жерде, көптеген Республикалар аумағында жұмыс істегендектен, енді оның бәрінен анықтама қағаз алдыру мүмкін емес еді, әрі денсаулығым да көтермейді. Міне, осындай тығырыққа тірелген шақта мыңболғыр, берекет тапқыр Жолмұрат інім қолұшын берді. Заң-зәкүнді білгендігінің арқасында талай күдер жүгіріп жүріп зейнетке шығарып берді» деп алғыс-рахметін жаудырып жатыр. Осыған ұқсас мәселе бойынша қала тұрғындарынан талай адамның Жақаңның алдына көмек сұрап келіп, қанағаттанып кеткендігін біз де білеміз.

Қоғамдық өмірге, қаланың мәдени-әлеуметтік мәселелеріне бейжай қарамайтын, білімі мен саяси сауаты мол Ж.Кеңесов Приозерск қалалық мәслихаты депутатылығының төрт шақырылымында сайланып, сайлаушылары мен қала тұрғындарының аманатын тұрақты орындай жүріп, аманатқа адалдығын танытты. Әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы болып сайланды. Қызмет бабына орай жәле әкімдіктің ұсынысымен қала мекемелері мен кәсіпорындары басшыларына, іс жүргізушілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары туралы дәріс оқып, насихаттаумен айналысты. Мекемелерде құжаттау, құжаттаманы басқару және құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында семинар-кеңестің өткізіліп тұруына ұйытқы бола білді. Сонымен қатар Елбасының жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларын насихаттау мақсатында үгіт-насихат тобының мүшесі

ретінде жұмыс жасап, газет арқылы және мінберден жиі көрінді. Ол «Приозерский вестник» апталық газетінің белсенді қоғамдық тілшілерінің бірі. Оның қала тарихы, тыныс-тіршілігі, жетістіктері мен жақсы жаңалықтары жайында жазған мақала, ақпараттары облыстық, республикалық басылымдар беттерінде жарық көрді. Сонымен бірге Ж.Кеңесов Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Археология, этнология және Отан тарихы» кафедрасында «Сартай батыр және XVIII-ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғысындағы «Мың бала жорығы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғау мақсатында кафедраға ізденуші ретінде бекітілді. Негізгі қызметтік міндетіне ғылыми жұмысты да ұштас-тыра алды. Осындай тынымсыз еңбегі мен ізденуінің арқасында жоғарыда айтқан «Сартай батыр» монографиялық еңбегі жарық көрді.

Біз тілге тиек етіп отырған кейіпкеріміздің қысқаша өмір тарихына көз сала кетейік. Ж.Кеңесов 1960-жылдың 1-қаңтарында Қызылорда облысы, Арал ауданының Шөміш станциясында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргесін Шымкент қаласындағы Эль Фараби атындағы педагогикалық мәдениет институтын 1981-жылы бітірген. Осы жылы Арал аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып еңбек жолын бастаған. Келер жылы талапты жас қалалық мәдениет паркінің директорылығына тағайындалады. 1983-86-ж.ж. аралығында «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінің кәсіподақ комитетіне қарасты «Балықшылар» клубының меңгерушісі болып қызмет еткен. 1986-1995-жылдарда «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігі кадрлар бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған. 1995-96-ж.ж. аталмыш бірлестікке қарасты Атырау облысындағы Шортанбай балық қабылдау пунктінің бастығы, келесі жылы Ақтөбе балық зауытының директоры қызметтерінде болған. 1998-жылдың басында «Приозерск балық зауыты» ЖШС директоры ретінде Приозерск қаласына қоныс аударған. 1998-жылдың қаңтар айынан бастап осы күнге дейінгі жиырма жылдан астам уақытта қаладағы мемлекеттік мұрағат директоры болып қызмет етіп келеді.

Мүлткісіз қызметтегі еңбегі мен қызметі ескеріліп, 1985-жылы ВЦСПС-тің «Көркемөнерпаздар өнеріндегі жетістігі үшін» белгісімен, қалалық, аудандық және облыстық әкімдерінің және ҚР Мәдениет министрінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

Қабағымен қарап қана тәрбие берген текті әкенің тәлімін алған Жолмұрат өмір жолы мен қызметінде талай сын сағаттарын бастан кешсе де, жасымаған, мойымаған, сынбаған және қиындыққа берілмеген. Қызметтегі жетістіктері мен марапаттары оның еңбегіне берілген баға болса, отбасында ол қарапайым және талапшаң әке де. Жұбайы Жеңісгүлмен екеуі төрт баланы тәрбиелеп өсіріп, олар бүгінде қоғамда және отбасыда өздерінің орынын тапқан талапты азаматтар. Қазірде немерелерге ата атанған Жақаң асқаралы алпыс жасқа жақындап қалса да қалыпты ғұмыр сүріп, қызметін жалғастыруда және өмірінің бақытты да, баянды сәттерін өткізуде. «Тектіден текті туса игі», демекші, бүгінгі замандағы қатары сирексіген адамгершілік пен азаматтықтың жарқын үлгісін көрсетіп жүрген бүгінгі кейіпкеріміз Жолмұрат Кеңесұлы осындай адам!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суреттерде: Ж.К.Кеңесов



Өтежан Нұрғалиев – 80 жыл

ӨР МІНЕЗДІ ӨТЕЖАН



Біздің буынның балаларының өзіндік ерекшелігінің бірі – біздер әдебиетке, соның ішінде өлеңге де аса құштар болдық. Сол замандағы баспалардан шығып тұратын ақын-жазушылардың кітаптарын кітапханадан алып, онда табылмаса пошта мекемесі арқылы тапсырыс беріп, кейде Алматыда оқитын студенттерге өтініш жасап алдырып таласа-тармаса оқитынбыз. Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаевтар бастаған өлеңдері көп оқылатын ақындар қатарында Өтежан Нұрғалиев те болған еді. 1938-жылғы 15-тамызда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының «Ақжар» ұжымдық шаруашылығында дүниеге келген болашақ ақиық ақын мектепті бітіргесін өзі қатарлы жастармен бірге Алматы қаласында сол кездегі Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1964-жылы бітірген. 1964–1968-жылдары Жарқала орта мектебінде мұғалім, 1968–1972-жылдары «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде тілші, сонан кейін «Жалын» баспасында редактор болып қызмет атқарған. Қазақ телевизиясында ұзақ жылдар жемісті жұмыс жасады. Әдебиетке тумасы бөлек, талантты жырларымен келген Өтежан Нұрғалиев ә дегеннен-ақ өлең сүйер қауымның сүйікті ақындарының біріне айнала білді. Оның асау жырлары өзіндік бояу, тың үн, тосын мінезімен ерекшеленіп, поэзиямызға соны леп, жаңа тыныс қосты. Алпысыншы жылдардың басында жарық көрген тұңғышы – «Менің махаббатым» жинағынан бастап оның қаламынан шыққан «Ақ нөсер», «Нөсерден кейін», «Ай астында ақбоз үй», «Қайыңды тоғай», «Тыныштық», «Афина мектебі», тағы басқа жыр кітаптары, ал сұрапыл соғыс жыл-дарының тірі, көркем шежіресіндей «Соғыстың соңғы жазы» балладалары әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды туындылар екені сөзсіз. Ө.Нұрғалиев ел алдындағы осындай елеулі еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталған. Алаш жұртының айтулы ақындарының бірі, халқымыздың біртуар перзенті сонында өшпес мұра қалдырды.

Өтежан Нұрғалиев қазақтың өте сирек қайталанатын, талантты ақындарының бірі еді. Өтежан әдебиетке бірден қалыптасқан ақын болып келді. Оның алғашқы жыр жинағына айтулы ақын Қуандық Шаңғытбаев алғысөз жазып, бата берді. Содан кейін бұл ақын әр жинақ сайын қарыштап өсумен болды. Оның «Соғыстың соңғы жазы» деген цикл өлеңдері өте бір өміршеңдігімен, өмір көріністерін берудегі шынайылығымен, поэтикалық орындау шеберлігімен құбылыс болды десек, артық айтқандығымыз емес. Бұл туралы белгілі сыншы Сағат Әшімбаев кезінде жақсы пікір білдіріп мақала жазған. Өтежан өзі мінезі кейде шөлкем-шалыстау, асаулау ақын болғанын оның өмір тарихынан білеміз. Ол қазақ әдебиетінен ойып тұрып орнын алған айтулы ақын.

Газет оқырмандарына ақынның өмірінен төмендегі шағын естелікті жария етуді жөн санаймыз. Өтежан Нұрғалиевтің әкелері ауқатты адам болыпты. Нұрғали әулетінің арғы аталарының да қолында мал-дүниесі бар кісілер екен. Атадан қалған мал-мүлік пен бершілықтың арқасында

Өтежандар қысылтаяң таршылық көре қоймайды. Бірақ «біз бардамды әулеттің» отбасымыз. Қолымызда бар» демеі, Өтежанның анасы балаларын соғыс кезінде ауыл нені талғажау етсе, сонымен тамақтандырыпты. Әжесі мен анасы бар тапқанын әулеттің ертеңгі тұтқаустары, Нұрғалидан қалған жалғыз тұяқ Өтежанға ұсынады. Өтежаннан қалғаны әпкесі Қамқаға тиеді. Қамқа оның көбін сіңлісі Назымның аузына тосады. Бір-бірін осылай жетелеп жүріп жетіпті үш бауыр. Өтежан тары жеп, Назым мен Қамқаға талқан тиіп өссе де, аналарына арыз айтпапты сонда. Өйткені, бауырдың қаді-рін, Өтежанның әулеттің ұрпақ жалғастырар еркек кіндікті екенін кішкентайынан ұғынған екен қыздар. Соғыстан кейінгі қайта құру жылдары да халыққа оңай тимегені анық. Сол жылдары «Ақжар» кеңшарының халқы балық аулап күн көріпті. Бір күні Қамқа мен Өтежан балық аулауға барады. Өтежанның қармағына лақа ілінеді. «Үйімізде тамақ бар. Бірақ халық қиындық көріп, балықтың қара сорпасына қарын тойдырып жүргенде, «бізде бар» деп масаттана алмадық. Бар болса да, қолымызда жоқ етіп көрсеттік. Өйткені заман сондай болатын», – дейді Өтежан әпкесі. Лақаның үлкендігі сондай, бар екпінімен Өтежанды қармағымен қоса суға тартып кетіпті. Інісін құтқармақ болып, Қамқа да суға секіреді. Мұны байқаған Сұлтан деген кісі балаларды аман алып қалыпты әйтеуір. «Бала күнінде Өтежан осылай өлімнен қалған», – деп еске алады әпкесі.

Өтежан ақын болатынын үшінші сыныбында-ақ байқатса керек, қалтасынан сия сауыты мен қағазын тастамапты. Балыққа барса да қалтасында қағаз бен қалам жүреді. Ойланған болып, бірденелерді түртеді екен. Бірақ оған ол кезде ешкім мән бере қоймапты. Өтежан жетіншіні бітіріп, әпкесі тоғызыншыны тауысқанда Қызыл кесек Адайлар Қамқаға құда түсіп келеді. «Байға тимеймін, оқимын, бауырымы да оқытып жеткіземін», – деп әпкесі нағашылары Қырық мылтық Адайларға қашыпты сонда. «Ініңді жеткіземін десең оқымай-ақ тұрмысқа шығып жеткіз, өз қолың өзіңе жетпей, бауырыңа қалай болыспақсың?» – деп Үзілдік әжесі күйеуге беріпті. 17 жасар Қамқа 25-тегі жігітке жылай-жылай ұзатылыпты сөйтіп. Бұл аралықта Өтежан да мектепті бітіреді. 1957-жылы ҚазМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне тапсырады. Алайда оқуға түсе алмай Ақтөбеге қайтып келіп, «Ақжар» кеңшарының «Ақтам» бөлімшесінде трактор тіркеушісі болып жұмысқа орналасады. Бала кезден қағіз Өтежан қарап жүрмей өлең жазады екен. Өлең жазып қана қоймай, сол кездегі ақындарды, орыс поэзиясын, әлем әдебиеті жайлы кітаптарды парактап жүреді. Сол жылы Өтежанның ауылына Тобық Жармағбетов деген жас жазушы Алматыдан оқу бітіріп, мұғалімдікке барады. «Әдебиетшілер үйірмесін» ашып, бір күні клубта әдеби кеш өткізеді. Кеш соңы пікір алмасуға, өлең оқуға жалғасады. Трактор тіркеушісі бол жүрген Өтежан жұртты қайран қалдырыпты. Жазған өлеңдері керемет. Әдеби білімі де жап-жақсы. Тютчевті сұраса Тютчевті, Пушкинді айт десе Пушкинді айтады екен. Өтежанның бойындағы талантты, ақындық қабілетті байқаған Тобық білдіртпей бір топ өлеңдерін Жазушылар Одағына жолдапты. Ол өлеңдерді Қуандық Шаңғытбаев көріп: «Бұл бір тәуір дүние екен. Мен мақала жазып, тұсауын кесейін», – деп «Жұлдызға» жариялайды. Осылайша Өтежан алғашқы өлеңдерімен-ақ жарқ етіп көрініп, жұртты дүрліктіреді. Сол жылы «Лениншіл жас» газетіне Әбділда Тәжібаевтың алғысөзімен бір бетке жуық өлеңдері шығып, ел тағы шулайды. Мұнан кейінгіні Оразақын Асқар былай баян-дайды: «Жазушылар Одағы Өтежанды Ақтөбеден алдырып, оқуға түсірді. Біздің арамызда Алматыға Одақтың арнайы шақыруымен келген жалғыз Өтежан». Өтежан Нұрғалиевтің ақындық өмірінің аңызы осыдан басталса керек.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
«Тіл жанашыры» сыйлығының иесері

ӘЛЕУМЕТТІК ПАВИЛЬОН

Приозерск қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында әлеуметтік павильон жұмыс жасайды.

Осы іс-шараның негізгі мақсаты қала тұрғындарын төмендетілген бағадағы азық-түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Павильонда азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлері сатылады. Павильон айына 1500-ге

дейін тұтынушыны қамтиды деп күтілуде. Сондай ақ 2 жаңа жұмыс орны құрылды.



Кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімі



СОЦИАЛЬНЫЙ ПАВИЛЬОН



ный павильон.

В городе Приозерск, в целях сдерживания инфляционных процессов, работает социальный павильон.

Это мероприятие реализуется в рамках подпрограммы «Атамекен» государственной

программы «Рухани жаңғыру». Основной задачей данного мероприятия является обеспечение населения города продуктами питания по сниженным ценам. В павильоне реализуются все основные виды продуктов питания. Павильон будет принимать до 1500 потребителей в месяц. Создано 2 новых рабочих места.

Отдел предпринимательства и сельского хозяйства

Новое в законодательстве РК

НОВШЕСТВА УГОЛОВНОГО И УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

(внесены изменения законами РК от 10.01.2018 года №132-VI, вводится в действие с 01.07.2018 года).

Минимальный размер штрафа за преступление небольшой тяжести снижается с 500 до 200 МРП (с 1,2 мил до 481 тыс.). Срок погашения штрафов увеличивается с шести месяцев до трех лет. Штрафы судами применяются редко. Лишь около 5-10 процентов оспариваются с ним. Причина - суммы штрафов большие, а срок уплаты короткий. Для людей это непосильные условия. Теперь порядка тысячи лиц могут обратиться в суды, чтобы снизить размер штрафов и увеличить срок выплаты.

Следующая мера – это двукратное увеличение размера ущерба в 39 статьях Уголовного кодекса: в 20 из них – преступления в сфере экономики, в 11 – против собственности и в 8 – по другим главам, не имеющим отношение к насилию. Ранее их поднимали только по налоговым преступлениям. По другим составам размеры ущерба не пересматривались более 20 лет. Стоит отметить, что мера коснулась краж, грабежей, разбоев. Воров, грабителям и разбойникам размеры нанесенного ими ущерба меняться не будут.

Согласно концепции нового Закона о снижении репрессивности УК и УПК, изоляция подлежат только те, кто реально опасен для общества, а к другим, кто совершил ненасильственные преступления, будут применяться наказания, не связанные с изоляцией от общества.

Также в Законе есть нормы, которые

сокращают сроки наказания и смягчают условия отбывания наказания по ненасильственным преступлениям, а также есть нормы, ужесточающие ответственность за нарушения условий отбывания наказаний, не связанных с лишением свободы. Раньше за



преступления небольшой и средней тяжести назначались только четыре вида наказания. Это штрафы, ограничение свободы, лишение свободы и исправительные работы. Подсудимые не могли оплатить штрафы, а лишение свободы по нетяжким преступлениям применялось как крайняя мера. По этому введены общественные работы. Данные меры вводятся не по всем статьям. Их не будут назначать за преступления, связанные с гибелью людей, даже по неосторожности, за любые тяжкие и особо тяжкие преступления, за преступления против детей.

Б. А. Адепбеков,
Председатель городского суда

О Т Ы З Ж Е Т І Н Ш І С Ъ З

Әкесінің баласы - адамның дұшпаны. Адамның баласы - бауырың.

Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың;

Адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.

Абайдың қара сөздерінен



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ И НАДЗОР В ОБЛАСТИ КАРАНТИНА РАСТЕНИЙ

Организации карантинных мероприятий

Охрана территории Республики Казахстан от карантинных вредителей и сорняков является важнейшей государственной задачей. Это определено Законом Республики Казахстан «О карантине растений» от 11 февраля 1999 года № 344.

Основными задачами карантина являются: охрана территории Республики Казахстан от занесения или самостоятельного проникновения из других государств или из карантинной зоны карантинных объектов; выявление, локализация и ликвидация карантинных объектов, а также предупреждение их проникновения в регионы Республики Казахстан, где они отсутствуют; проведение государственного карантинного фитосанитарного контроля и надзора за соблюдением законодательства Республики Казахстан в области карантина растений.

Государственное регулирование в области карантина растений осуществляется осуществляется Правительством Республики Казахстан, уполномоченным органом, включая его ведомство с территориальными подразделениями, в том числе фитосанитарными контрольными постами. В соответствии со ст. 9 Закона Республики Казахстан от 11 февраля 1999 года № 344 «О карантине растений» и дополнение к этой статье государственные органы, физические

и юридические лица, деятельность которых связана с производством, заготовкой, переработкой, хранением, транспортировкой и реализацией продукции растительного происхождения обязаны выполнять требования Закона и Правил по карантину растений, предъявлять по требованию инспекторов по карантину растений сведения о наличии подкарантинной продукции, обеспечивать систематическое обследование посевов, территорий, складов хранения, а также предъявлять для осмотра и экспертизы имеющуюся подкарантинную продукцию.

Согласно ст.13 Закона Республики Казахстан «О карантине растений» ввоз на территорию Республики Казахстан подкарантинной продукции разрешается только через фитосанитарные контрольные посты и автомобильные пункты пропуска через Государственную границу Республики Казахстан, совпадающую с таможенной границей Евразийского экономического союза. Вывоз подкарантинной продукции разрешается при наличии фитосанитарных или карантинных сертификатов, выдаваемых территориальными подразделениями уполномоченного органа: за пределы Республики при наличии фитосанитарных сертификатов; внутри Республики при наличии карантинных сертификатов. Ввозимая подкарантинная продукция вторично подлежит карантинному досмотру в

пункте назначения груза.

За нарушение Закона Республики Казахстан «О карантине растений» и «Правил по охране территорий Республики Казахстан от карантинных объектов» предусмотрена ответственность согласно Кодекса Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК «Об административных правонарушениях» (статья 400) должностные лица и граждане, нарушившие правила по борьбе с карантинными вредителями, болезнями растений и сорняками, за ввоз и вывоз материалов, не прошедших карантинную проверку и соответствующую обработку подвергаются штрафным санкциям. Применяя Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», за различные правонарушения Закона Республики Казахстан «О карантине растений» в 2017 году по городу Приозерск было оштрафовано три физических лица на общую сумму 136140 тенге. Штрафы были взысканы в порядке сокращенного производства в сумме 68070 тенге. Привлеклись к административной ответственности лица, ввозившие на территорию города подкарантинную продукцию без соответствующих карантинных сопроводительных документов.

Объектами контроля по карантину растений являются семена и посадочный материал сельскохозяйственных, лесных и

декоративных культур, растения и их части, а также любая другая продукция растительного происхождения, которая может быть переносчиком карантинных объектов. Подлежат досмотру сельхозмашины и почвообрабатывающая техника, транспортные средства, все виды тары, упаковочные материалы, промышленные товары и изделия из растительных материалов. Кроме этого карантинному обследованию подвергаются территории и помещения организаций, крестьянских (фермерских) приусадебных и дачных хозяйств, выращивающих, заготавливающих, складирующих, перерабатывающих и реализующих продукцию растительного происхождения, земли сельскохозяйственного, лесного, водного и другого назначения вне зависимости от ведомственной принадлежности и форм собственности.

Только четкая организация взаимодействия в вопросах выполнения Законом Республики Казахстан «О карантине растений» руководителями хозяйствующих субъектов и специалистами карантинной службы городской территориальной инспекции позволит решить проблемы организации карантинных мероприятий.

З. Т. Кусаннова,
главный специалист – государственный инспектор по карантину растений
ГУ «Приозерская ГТИ КГИ в АПК МСХ РК»

А ҚЫ Л Д Е Г Е Н Ө Л Ш Е У С І З Б І Р Ж А Р Ы Қ Н Ү Р

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.
Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.
Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп,
Ыстық, суық, аштықтан сақтау үшін
Зұлымдық пен айланы қылады сеп.
Айуан – етін, терісін, сүт пен күшін,
Ара – балын, су – балық, жер – жемісін,

Құс – денесін, жүні мен жұмыртқасын
Сақтап жүр ғой дейсіз бе адам үшін.
Олардың да ойы бар өсіп-өнібек,
Кімге оңай өмір өтіп, оты сонбек?
Адамның таза ақылы жанды қимай,
Амалсыз қиянатқа о да көнбек.
Сөйтіп ақыл бере алмай адал көмек,
Зұлымдықпен адамды адам жемек.
Адал енбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –
Осы болар таза ақыл өлді демек.

Сондықтан адам – залым, әлемге жау,
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау.
Жер билес адамзаттың бұл қылығын
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау.
Олай қылмай, билесе бәрін ақыл,
Еш қиянат қылмаса зорлық, тақыл.
Таза енбекпен тағдырдан пайдаланса,
Адамды сонда адам деген мақұл.

Шәкәрім Құдайбердіұлы



СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акіма города Приозерск” 5-41-53
График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА

1. Индустриализация должна стать флагманом внедрения новых технологий

ИННОВАЦИОННАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ
Индустриализация должна стать более инновационной, используя все преимущества нового технологического уклада 4.0

IT
Особое значение приобретает развитие IT- и инженеринговых услуг

ОЦИФРОВКА ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ
Следует реализовать пилотный проект по оцифровке нескольких казахстанских промышленных предприятий, а затем этот опыт широко распространить

ТРЕТЬЕЙ ПЯТИЛЕТКА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ
Предстоит адаптировать систему образования, коммуникации и сферу стандартизации под потребности новой индустриализации

ИННОВАЦИОННАЯ ЭКОСИСТЕМА
Важнейшим вопросом становится развитие собственной экосистемы разработчиков цифровых и других инновационных решений

ТРЕТЬЯ ПЯТИЛЕТКА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ
В 2018 году необходимо начать разработку третьей пятилетки индустриализации, посвященной становлению промышленности «цифровой эпохи».

Дальнейшее развитие ресурсного потенциала

Следует критически переосмыслить организацию сырьевых индустрий, подходы к управлению природными ресурсами.

Необходимо активно внедрять комплексные информационно-технологические платформы

Важно повысить требования к энергоэффективности и энергосбережению предприятий, а также экологичности и эффективности работы самих производителей энергии

Довести долю альтернативной энергии в Казахстане до 30% к 2030 году

Акимам регионов необходимо принять меры по современной утилизации и переработке твердо-бытовых отходов с широким вовлечением субъектов малого и среднего бизнеса



2-я инициатива

Снижение налоговой нагрузки для повышения заработных плат низкооплачиваемых работников

Ключевые задачи:

Поддержка работающих казахстанцев с низким размером заработной платы

С 1 января 2019 года снижение налоговой нагрузки в 10 раз – до 1% для тех, чей месячный доход не превышает 25 МРП

Направление высвобождаемых средств на увеличение оплаты труда выбранной группы населения



Механизмы реализации:

Определение порядка обложения ИПН работников с низким размером оплаты

Разработка поправок в налоговое законодательство в части снижения размера ИПН для таких работников

Изучение возможности внедрения прогрессивной шкалы ИПН

Внедрение нового механизма с 1 января 2019 года

Более чем у 2 млн человек вырастет заработная плата без увеличения нагрузки на работодателей

ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-708-235-35-19



Парикмахерская Милолика



Ваша красота - Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШІРУ ЖОБАСЫ»

Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ» ЖОБАСЫ

«Мәдени - географиялық белдеудің» рөлі мен оған өнетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу - ағарту дайындығын жүргізу қажет.

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША «ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ, ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫ

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

«ЖАҢАҒАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ

Отандық мәдениет БҰҰ - ның алты тілі - ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласында ауылды елді мекендерді жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға басқа мен беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ» ЖОБАСЫ - ТӨУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ТАБЫСҚА ЖЕТКЕН, ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ӘНІРІНДЕ ТҰРАТЫН ТҰРПІ ЖАСТАҒЫ, САН АЛУАН ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Заманауи қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту, ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 39/579. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.